

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2 семестр. 7-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ел экономикасы: ішкі және сыртқы сауда.

Грамматикалық тақырып: Мәндес және қарсы мәндес сөздер, түрлік және тектік атаулар, топонимдер.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Кейінгі жылдары Қазақстан экономикасының өсуі тұрақталып келеді. Қызмет көрсету саласы және ішкі сұраныс жақсаруда. Өңдеу өнеркәсібі салаларында серпінді және тұрақты өсу байқалады. Сонымен бірге, экономиканың өндіруші емес салаларында негізгі капиталға инвестициялар айтарлықтай өсуде. Жалпы алғанда, экономика өсімінің құрылымында сапалы өзгерістер байқалуда. Экономика дамуының басты драйвері – қазіргі жағдайда нақты сектордың тұрақты өсуі. Құрылыс, ақпарат пен байланыс, өңдеу өнеркәсібі, сумен және электрмен жабдықтау, ауыл шаруашылығы салаларында жоғары өсу жалғасуда.

Сауданың өсуі аясында қызмет көрсету секторы оң өсім көрсетуде. Өңдеу өнеркәсібі салаларында қарқынды және тұрақты өсу байқалуда. Бұл осы саланың бәсекелестікке қабілеттігін көрсетеді. Өндіруші емес салаларда жоғары инвестициялық белсенділік байқалады. Бұл экономиканың тұрақты және сапалы дамуына диверсификация арқылы қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жалпы, тұрақты өсу қарқыны мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етіледі. Олар ауыл шаруашылығы өңдеу саласын инвестициялауды ынталандыруға, ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне, экономиканың өзіндік жеткіліктілігін арттыру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған. Машина жасау, оның ішінде автомобиль жасау, локомотивтер мен вагондар, электр жабдықтары, компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісінде өсу қарқыны байқалады. Сонымен қатар, химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, металлургия, азық-түлік өнімдері және сусындар өндірісі, фармацевтика, мұнай өңдеу салалары даму үстінде.

Ішкі және сыртқы инвестицияларды, әсіресе шикізаттық емес салаларға тарту, шағын және орта бизнесті одан әрі дамытуды қолдау, жұмыспен қамтамасыз ету және халықтың нақты табысын арттыру қажет.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанады? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

Жаттығу жұмысы.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Экономика дамуының басты драйвері не?
2. Қандай салаларда жоғары өсу жалғасып жатыр?
3. Тұрақты өсу қарқыны қандай шаралармен қамтамасыз етіледі?
4. Қандай салаларды одан әрі дамытуды қолдау қажет?
5. Қазақстан экономикасының өсуі қалай?
6. Экономиканың өндіруші емес салаларында жағдай қалай?

5-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алыңыз.

Саудада достық жоқ.

Ат жақсысы — шанада,

Жігіт жақсысы — саудада.

Әкімнің әділ болмаса, жұрт бұзылады;

Саудаң әділ болмаса, нарық бұзылады.

Айтылым. Мәтінге сұрақтар құрастырып, қысқаша мазмұнын айтып беріңіз.

Халықаралық сауда бүгінгі елдердің өндірісін дамыта отырып, өзінде бар ресурстарды тиімді пайдаланып, осылайша тауарлар мен қызмет түрін ұлғайтатын, халықтың әл-ауқатын арттыратын құралға айналып бара жатыр. Көптеген елдердің өмірінде әлемдік нарықтың рөлі артты. Осылайша әлемдік экономикаға тартылған елдерге қатал халықаралық бәсекелестік жағдайында өзінің рыноктық үлесін алуға тура келеді. Сол себепті де сыртқы сауда бір жағынан экономикалық өсудің қуатты факторы болып табылса, ал екінші жағынан елдердің халықаралық сауда айырбасына тәуелділігін арттырады. Сыртқы сауданың пайдасы, ол іскерлік белсенділікті жандандыру арқылы әр түрлі елдердің экономикалық дамуын теңестіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының экспорттағы негізгі әріптес елдері: Италия, Қытай, Ресей, Корея Республикасы, Нидерланды, Түркия болып табылады.

Қазақстан Республикасының импорттағы негізгі әріптес елдері: Ресей, Қытай, Германия, АҚШ, Корея Республикасы, Түркия болып табылады.

2018 жылдан бастап «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы экспорттаушыларға қолдау көрсету бойынша мемлекеттік бағдарламаның операторы атанды. Бағдарлама аясында отандық өңделген тауарлар шығаратын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне шығындарды өтеуді көздейді.

Егер сыртқы нарықтарда өткізуде күтілмеген жағдай орын алса, барлық шығындарды сақтандыру компаниясы өтейді. Тәуекелдер өз алдына саяси әрі коммерциялық деп жіктеледі. Коммерциялық тәуекелдерге сатып алушылар өздері жасаған келісім-шарттық міндеттемелерін орындамай, содан кейін қандай да бір себептермен олар орындамауы жатады. Саяси тәуекелдер – шет елдің заңнамасындағы өзгертулермен байланысты тәуекелдер. Өзгертулер салдарынан белгілі бір шектеулер қойылып, кәсіпкер міндеттерді орындай алмай қалады.

7-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.